

## 2020 жылы мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2020 жылғы 2 наурыздағы № 51 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 наурызда № 5725 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31 бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9 бабының 6) тармақшасына, "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14010 болып тіркелген) сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан, ұйымдарда жұмыс орындарының тізімдік санынан пайызбен көрсеткенде қосымшаға сәйкес мүгедектер үшін 2%-дан 4%-ға дейінгі көлемде жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Э. Дюсетаев

Қарқаралы ауданы  
әкімдігінің

2020 жылғы 2 наурызы  
№ 51

қаулысына қосымша

## Мүгедектер үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін ұйымдардың тізімі

| № | Ұйымның атауы                    | Қызметкерлердің тізімдік саны | Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан) | Мүгедектер үшін жұмыс орындарының саны |
|---|----------------------------------|-------------------------------|------------------------------------------------------|----------------------------------------|
| 1 | "Айбол" шаруа қожалығы           | 50                            | 2                                                    | 1                                      |
|   | "Қарағайлы кентінің мәдени-сауық |                               |                                                      |                                        |

|   |                                                                    |    |   |   |
|---|--------------------------------------------------------------------|----|---|---|
| 2 | орталығы"<br>коммуналдық<br>мемлекеттік<br>қазыналық<br>кәсіпорыны | 67 | 2 | 1 |
|---|--------------------------------------------------------------------|----|---|---|

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК